



Алматы облысы Талдықорған қаласының және Ескелді ауданының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 52 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 10-бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облыстық мәслихатының және Алматы облысы әкімдігінің Алматы облысы Талдықорған қаласының әкімшілік шекараларына Ескелді ауданының экспликацияға сәйкес жалпы ауданы 32253 гектар жерін қосып, жердің нысаналы мақсатын және оны пайдаланудың құқықтық режимін сақтай отырып, Алматы облысы Талдықорған қаласының және Ескелді ауданының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі